



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

# QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден  
бастап шығады

№ 21/47  
27 мамыр



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет  
[www.instagram.com/qorjyntubek\\_jarsysy](http://www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy)



E-mail: priogazeta@mail.ru

## ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТЫ ҚАЛАҒА КЕЛДІ



Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты Мира Атамалқызы Махатчина Приозерск қаласына қызметтік іссапармен келді. Азанғы сағат 9-дан өте құрметті қонақпен бірге Приозерск қалалық мәслихатының төрағасы Алтай Нәсіпбекұлы Исатаев, «Аманат» партиясы Приозерск қалалық филиалының төрағасы Дулат Орынбасарұлы Дүйсембаев және «Қоржынтүбек жаршысы» газетінің арнаулы тілшісі, осы ақпараттың авторы Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабектегі Приозерск қаласының орталық ауруханасына ат басын тіреді. Қалалық орталық аурухана директоры, бас дәрігер Бек Тәңірбергенұлы Жарылғаповпен біргелікте депутаттың жұмыс барысы әуелі емхананың тыныс-тіршілігімен танысудан басталды. Халықтың денсаулық жағдайын жан-жақты тексеріп, анықтауға арналған УДЗ, физиотерапиялық кондырғылар, дене жаттығуларына және алғашқы дәрігерлік тексеруге арналған бөлмелерде болып, онда қызмет көрсететін мамандармен танысып, әңгімелесті. Қаладағы медициналық қызмет саласындағы жетістіктермен бірге кемшін тұстары жайлы сауалдар қойып, түйткілді мәселелерді қойын дәптеріне түртіп алды. Маман дәрігерлер мен медбикелердің,

техникалық қызметкерлердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын сұрастырып, шаруашылық жағдайын да назардан тыс қалдырмады. Қалалық аурухана басшысының орынбасары Гүлбаршын Мондыбаеваның қала тұрғындарының көкейкесті мәселесіне айналған сауалы болған «Ауруханаға компьютерлік тамография орнату» бойынша мәселені жоғарғы биліктің назарына ұсынып, шешімін табуға көмектесуге тырысатынын айтты. Депутат ханым стационарлық бөлімге де бас сұқты. Ондағы медициналық қызмет көрсету бөлмелерімен



танысты және сонда емделіп жатқан науқастар палатасына кіріп, жағдайларын, дәрі-дәрмектердің жетімділігі жайын сұрастырды.

Облыстық мәслихат депутатының сапары одан әрі қаламыздағы ең маңызды нысандардың бірі – жылу қазандығына барумен жалғасты. Құрметті қонақты қала әкімінің міндетін атқарушы Дастан Шұғайұлы Сәденов бастаған мекемелер басшылары күтіп алды. Мұнда қысқы науқанға қызу дайындық жұмыстары жүріп жатыр екен. «СарыШаған сужылу-2014» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Курец Сергей Васильевич аталған мекеменің бүгінгі таңдағы қысқа дайындығы туралы бүге-шігесіне дейін баяндай отырып, проблемалық мәселерді де жеткізді. Атап айтқанда қазандыққа мазут жеткізетін теміржолдың мүшкіл ахуалы, қазандық мұржасының ақуалы тұстары, болашақта қала сыртындағы Қоржынтүбектегі жерүйлерге жылу жеткізу үшін қазандық қуатын арттыру мақсатында негізгі отын – мазуттың қымбаттығы, бұл мәселені арзан әрі оңтайлы шешу үшін жағатын отынды газбен ауыстырудың тиімділігі, осы мәселені шешуге депутаттар мен жоғарғы органдар тарапынан көмектің қажеттігі, жер мәселесі туралы әңгімелеп берді. Мекемедегі жұмысшы-қызметкерлердің тұрмыстық жағдайлары туралы да сұраған депутат осында тыңдап,



көңілге түйгендерін тиісті құзырлы органдарға жеткізуге уәде берді. Қаламызда ауыз сумен қамтамасыз етудің өзекті мәселесі жеткілік-

ті екендігінен Мира Атамалқызы хабардар болып шықты. Су қамалының барлық жәй-жапсарымен тереңнен танысып, аумақты түгел аралады. Осы жерде жаңа электр кондырғыларын орнатумен айналысып жатқан ЖРЭК мекемесінің жұмысшы-қызметкерлерімен де әңгіме-дүкен құрып, олардың жұмыс жоспарларымен танысты. Сайлаушылар мен депутат арасындағы сауал-жауаптан кейін ол кісімен бірге жүрген топ одан әрі «Достық» балалар және жасөспірімдер шығармашылығы орталығына ат басын бұрды. Қала әкімінің орынбасары Сағынбек Жаңбырбайұлы Бейсекеев, орталық директоры Светлана Борисовна Попченко және білім бөлімінің бас маманы депутатқа қаладағы жалғыз өнер ордасы болып табылатын ғимараттың жәй-жағдайымен, ондағы түйткілді мәселелермен таныстырып, атқарып жүрген жұмыстары туралы баяндады. Әсіресе спорт залының төбесінен жаңбар жауғанда су ағатынын айтып, көмекке зәру екендігін жеткізді. Және де осында орналасқан шағын орталыққа кіріп, мұнда тәрбиеліп жатқан бөбектердің бөлмелеріне, асханасына және музыка, би бөлмелеріне, бассейнге кіріп, олардың жұмыс тәртібімен, жай-күйімен танысты. Орталық жұмысына қанағаттанып, көңілі толғанын білдірген депутат ханым «Аманат» партиясы Приозерск қалалық филиалында болып, әлеуметтік сала басшыларымен кездесті және ондағы жалпы жағдай туралы сұрастырды. Сонымен қатар сайлаушылар тарапынан өзіне қойылған сауалдарға жауап берді. Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты Мира Атамалқызы Махатчина осымен өзінің қаламыздағы қызметтік іссапарын аяқтады және қаламыздағы мекемелер тарапынан айтылған сауалдар мен түйткілді мәселелер туралы құзырлы орындарға жеткізетінін айтты.

**Н.ҚАРАБЕКТЕГІ**

## ОБЛЫС БАС ИМАМЫ ҚАЛАДА БОЛДЫ



Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармағында: «Қазақстан Республикасы өзін зайырлы, ашық, құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады», - делінген. Конституциялық негіздегі «Зайырлы» ұғымы мемлекеттің барлық салаларында, соның ішінде дін саласында да ашық, айқын саясат ұстанатынын, азаматтардың ар-ождан бостандығын қамтамасыз ететінін білдіреді. Яғни зайырлылық – дінсіздік немесе дінді терістеушілік емес, ол – мемлекеттің діни емес, құқықтық қағидаттармен басқарылуы. Зайырлы мемлекет азаматтық қоғамның құрамдас элементі ретіндегі діни бірлестіктердің қызметін де реттеп отырады. Мемлекеттің зайырлы сипаты азаматтық қоғам субъектілерінің заңдар мен құқықтық нормаларды қатаң сақтауын және өз қызметтерін осы құқықтық, заңнамалық шеңберде жүзеге асыруын талап етеді.

Зайырлы мемлекетте діннің өзіндік орны бар. Дін мемлекеттен бөлінгенімен, халықтың болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен бөліне алмайды. «Зайырлылық» ұғымы мемлекеттің дінге деген ұстанымының демократиялық сипатта екендігін, діни сенім бостандығының қамтамасыз етілетіндігін танытады. Мемлекет пен діннің арақатынасындағы жанды байланыстар зайырлы және рухани-діни құндылықтардың арақа-

тынасы негізінде орныққан. Дін – мемлекеттік саясаттағы және қоғам азаматтарының рухани өмірі мен мәдениетіндегі маңызды факторлардың бірі. Адам мен қоғам өмірінде ерекше орын алатын дін рухани мәдениеттің қалыптасу үдерісінде негізгі функцияларды атқарады, мәдениеттер мен өркениеттердің дамуына ықпал етеді.

Осы мәселелерге орай, қазақ мәтеліндегі «Илегеніміз бір терінің пұшпағы», - демекші, Приозерск қаласының тұрғындары, басшылығымен кездесу мақсатында 2023-жылдың 24-мамыр күні қаламызға Қарағанды облысының бас имамы Естай Айтуғанұлы Әбдіғали келді. Қала әкімінің орынбасары Сағынбек Жаңбырбайұлы Бейсекеев, қалалық мәслихат төрағасы Алтай Нәсіпбекұлы Исатаев, мұсылмандар мешітінің имамы Дәуіт Сейтқалиұлы Қожахметов, ақын, журналист Нұрғали Қыдымұратұлы Қарабектегімен біргелікте сұхбаттасу барысында қаладағы діни ахуалдың жай-күйін, халықтың ата дінге және діни ағымдарға, дін мен салт-дәстүрдің байланысына қатысты мәселелерді талқылады. Құрметті қонақтар қаламызда жаңадан салынып жатқан мешіт құрылысының барысымен танысты.

**Н.ЖАРМАҒАНБЕТ**

## АТА-АНАЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ ЖИЫНЫНДА



Приозерск қаласының «Достық» шығармашылық орталығында 2023-жылғы 25-мамыр күні ата-аналардың және бала тәрбиесіне қатысты құзырлы мекемелер басшылары және мамандарының қатысуымен жалпы жиналыс болды. Жиналыс Приозерск қаласы білім бөлімінің басшысы Г.К. Касимованың кіріспе сөзімен басталды.

Приозерск қаласы жергілікті полиция қызметінің ювиналды полиция тобының инспекторы, полиция капитаны Даирбекова Мадина Бекеновна жасады. «Маусымдық жұқпалы аурулардың алдын алу туралы» Приозерск қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Өнербекова Гаухар Серікқызына жалпы түсінік берді. «Біз



«Жазғы кезеңдегі бала қауіпсіздігі туралы» Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Бейсекеев Сағынбек Жаңбырбаевичтың баяндама жасады. «Қауіпсіз жаз туралы» Приозерск қаласының Төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы азаматтық қорғау подполковнигі Жадрасинова Тынышгул Күнісбекқызы сөз сөйледі. «Бала қауіпсіздігі сіздің қолыңызда» тақырыбында Приозерск қаласы полиция бөлімінің криминалды полиция тобының аға жедел уәкілі, полиция капитаны қазақ тілінде Балабеков Дамир Құдайбергенұлының баяндамасы тыңдалды. Орыс тіліндегі «Бала қауіпсіздігі сіздің қолыңызда» баяндаманы

буллингке жол бермейміз» тақырыбын қазақ тілінде Приозерск қаласы білім бөлімінің № 1 жалпы білім беретін мектебінің психологы Наушаруанова Тұрсынай Әдилханқызы, ал орыс тілінде Приозерск қаласы білім бөлімінің № 2 жалпы білім беретін мектебінің психологы Елена Бузулутская айтып берді. сондай-ақ, «Буллингтің алдын алу туралы» орыс тілінде Александровна, «Интернет қатерлері» туралы орыс тілінде Приозерск қаласы білім бөлімі «Достық» шығармашылық орталығының басшысы Попченко Светлана Борисовнаның баяндамалары ортаға салынды.

**Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ**

## «ӨЛЕҢІМ МЕНІҢ – ӨМІРІМ ӨМІРІМ!»



Приозерск қаласының «Достық» балалар және жасөспірімдер орталығының концерт залында белгілі ақын, жерлесіміз, Қазақстан жазушылар және ҚР журналистер Одақтарының мүшесі Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабековтің «Өлеңім менің – өмірім!» атты шығармашылық жыр кеші 26-мамыр күні Приозерск қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен болып өтті. Кешке қала тұрғындары, мекемелер, ұйымдар басшылары мен қызметкерлері, жыр сүйер қауым мен жақын-жуықтары қатынасты.

Шығармашылық кештің шымылдығы «Достық» БЖО Айман Нұртаеваның жетекшілігіндегі «Балбырауын» ансамблінің орындағымен ашылды. Қазақ халқының ежелден қалыптасқан салт - дәстүріне

орай, ақынның өнерін, өлеңін, шығармашылығын бағалайтын, ақын жырына арқау болған Меруерт жеңгесі шашу шашты.

Шығармашылық жыр кешін ақынның досы, ұстаз-ақын Орынбек Әйтпенбетов жүргізіп отырды. Сахнада орнатылған LD экранда ақынның өмір жолынан дерек беретін суреттер көрсетіліп тұрды. Ақынды қала әкімінің орынбасары Сағынбек Жаңбырбайұлы Бейсекеев, Приозерск қалалық мәслихатының төрағасы Алтай Исатаевтың атынан қалалық мәслихат депутаты Ержан Нұрланбекұлы Абдурахманов, Приозерск қаласының «Атамұра» мәдениет, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты дамыту қоғамдық бірлестігінің төрағасы, «Приозерск қаласы-

ның мәдени-демалыс орталығы» КММ директорының м.а. Марс Әбуұлы Сүлейменов және қалалық кітапхана директоры Павлина Сиязбекқызы Кенжебекованың атынан Гүлжазира Оразқызы Телтаева құттықтау хаттарын табыстап, қазақы салтпен шапандарын жапты.

Ақын Нұрғали Қыдырмұратұлы көпшілік алдында алғашқы топтама жүрекжарды өлең-жырларын оқығаннан кейін ақтөбелік әнші-сазгер Мейрамбек Әбдірейімовтің ақынның «Тау-елібай» өлеңіне ән шығарып, өзі шырқаған бейнебаяны ұсынылды. Кеш барысында осындай ақын өлеңдеріне ән жазып, өздері орындаған ұстазы, ақын, сазгер музыкант, сегіз қырлы, бір сырлы тұлға Календар Бисенбаевтің «Әншім-ай», шымкенттік әнші-сазгер Айзада Бекенқызының «Ұнатамын», қарағандылық әнші-сазгер Қанат Мерсалимовтың «Ардагерлер-ақылмандар» әндері LD экран арқылы көрсетіліп, көрерменнің көңілінен шықты. Сондай-ақ № 1 мектеп оқушылары, ұстаз-ақын Маржан Хизированың шәкірттері – Айдарбек Ерболат, Қожабай Нұртас, Махмут Нұрай, Аметбай Айдос, Жақсылықова Аяжан және Хужабай Дәурен, автордың немерелері Аян, Бекболат пен Нұрдәулет ақын жырларын мәнерлеп оқыды. Марс Сүлейменов ақынның «Сарыарқа» өлеңіне әнін жазып, өзі орындады. Ақынның немересі Сағыныштың қатысуымен Әсия

Шадыбайқызы Омарованың би тобы мың бұрала билеп берді.

Кеш барысында ақын әртүрлі тақырыптағы өлеңдерін оқып тұрды. Шығармашылық кеш соңында қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы, зейнеттегі заңгер, ақынның рухани ағасы Сайлау қажы Смағұлұлы, қала мешітінің имамы Дәуіт қажы Сейтқалиұлы Қожахметов және ағасы Ерғали Қарабеков сахнаға шақырылып, кешті керемет ұйымдастырғын қала әкімдігі басшылығына, ақынға алғыс-рақыметтерін айтып, ақ баталарын берді. Дәуіт қажы ақынға сый-сыйапат жасады. Сонау Балқаш қаласынан осынау кешке арнайы ат арылтып келген, өлең-жырды қадірлейтін оқырманы Ұлпаш Шарапбекқызы Балсариева жүрекжарды тілегін арнады және өлең-жырларға арқау болаған туған жер, ауылдың адамдарын еске алып, көңілі босағандығын толғана жеткізді. Отбасының атынан шапан жапты. Жеңгесі Ұлжан Сайыпқызы ақынның бала кезіндегі жырқұмарлығы, әнге деген әуестігі туралы еске алып, ақ тілегін білдірді.

Өлең жазу еріккеннің ермегі еместігін, жүректен шығып, жүректерге жететін, көңілдерді толқытып, жаныңды жадырататын, ұрпаққа үлгі-өнеге болатын, әртүрлі тақырыптағы өлең жырларды, әсем әндерді тыңдаған кеш қонақтары рухани дем алғандырын білдірді.

*Махамбет ИСАТАЙ*

## СЕНАТ ТӨРАҒАСЫ ӨНІРДЕГІ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Қарағанды облысына келіп, өңірдегі мәслихат депутаттарымен кездесті. Мемлекет басшысы белгілеп берген міндеттерді іске асыру жолындағы бірлескен жұмыстың негізгі басымдықтарын талқылады.

Осы орайда Палата Спикері өзара іс-қимылды жаңа форматта жүргізудің маңызды екенін айтып, бұл қадам қолға алған бастамаларды сапалы әрі тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретінін атап өтті. Мәслихат депутаттарын заң шығару үдерісіне белсенді қатысуға шақырды және өңірдегі өзекті проблемаларды шешудің жаңа жолдарын ұсынды. Өңір депутаттары халықты толғандырып жүрген мәселелерді Сенат төрағасына жеткізді. Олар: кеншілер мен ауыр жұмыстағы жұмыскерлердің зейнкерлікке шығу жасын қайта қарау, жеке үй шаруашылықтарын қолдау, өндірістерге жаңа инновация енгізу, мемлекет-

тік сағу алу нормаларына өзгерістер енгізу, қызмет бабын да қайтыс болған әскерилер мен полиция қызметкерлерінің отбастарына көмек көрсету.

Маулен Әшімбаев “Президентіміз әрдайым экономикамызды әртараптандыруға баса мән беріп келеді. Сондай-ақ өңірлердің инфрақұрылымын жаңғырту бағытында да бірлесіп жұмыс істеу аса маңызды. Бүгінгі кездесуіміздің нәтижесінде осы бағыттар бойынша аталған міндеттерді іске асырудың құқықтық негізін қалыптастыруға ықпал ететін ұсыныстар әзірленеді деп сенеміз», – деп отырысты қорытындылады. Алдағы уақытта да мәслихаттармен байланысты одан әрі жандандыра беретінін айтты. Кездесу соңында депутаттармен естелік суретке түсті.

*Приозерск қалалық мәслихаты*



## ЖЕМҚОРЛЫҚҚА – ЖОЛ ЖОҚ!

Жалпы, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу кез келген қоғам мен мемлекет үшін ерекше мәселе. Себебі, бұл қәуіпті құбылыс тұтастай алғанда ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіреді.

Жеке адамдар мұндай келеңсіз жағдайға тап келсе, әрине, ең әуелі сенімін жоғалтады. Ал, сенім жоғалған жерде бәрі де жоғалады.

Сондықтан, қоғам үшін жемқорлық әр уақытта да індет, ал, оны жою – барша адам үшін міндет болып саналады. Сонда ғана келеңсіздіктерді түбірімен жоюға болады.

Елімізде 2015 жылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңы қабылданды (бұдан әрі-Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заң).

Сыбайлас жемқорлық дегеніміз не? Бұл – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу.

Нақты айтқанда, қызмет бабын пайдаланып, заңға қарсы әрекет жасау. Әлбетте, сыбайлас жемқорлықтың көріністерін тек парақорлыққа әкеп тіреу дұрыс болмас.

Белгілі бір лауазымды адамдар өзінің қызмет бабын асыра пайдалана отырып, әлгіндей теріс іс-әрекеттерге баратын болса, сөз жоқ, мемлекеттік билікке көлеңке түсіреді. Оның бергі жағында заң алдында жауап беруіне тура келеді. Жұртшылық алдын-

да осындай қоғамға жат іс-әрекеттермен өзінің жинап-терген абырой-беделін жоғалтқан шенеунік кімге өнеге бола қойсын?

Құқықтық тұрғыдан алғанда заңсыз әрекеттер алдында әркім де жауап береді. Сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген.

Қазір пара алушылар ғана емес, пара берушілер де жазаланады. Әрдайым қызмет бабында теріс әрекеттер жасайтын адамдардың жең ұшымен қол жалғастырып, заңсыз пайда табуға іші тартып тұруының астарында заңды айналып өту үшін пара беретіндердің әрекеттері де көрінбей қалмайды.

Ең бастысы, әр адам өз құқын қорғай білуі керек. Бұл жөнінде заңнамада толық айқындалған. Егер әркім өзінің құқығын қорғап, заңға сай әрекет жасайтын болса, кейбір шенеуніктердің төрешілдігіне қарсы тұрып, алдап-арбауына, әртүрлі қулық-сұмдығына көнбес еді.

Өкінішке орай, кейде жекелеген адамдардың өздері де мұндай теріс іс-әрекеттердің орын алуына себепкер болып жатады. Сондықтан да құқықтық біліктілік пен мәдениет, заңды сыйлау – бірінші кезекте тұруы тиіс.

Ендеше, қазір қоғамда көп айттылып жүрген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – баршаның ортық ісі болуға тиіс.

Өз кезегінде, әскери қызметкерлер мен қызметшілер тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық іс-әрекеттерін жасауларына куә болған жағдайда, Приозерск гарнизоны әскери прокуратурасының 8 (71039) 54054 сенім телефонына хабарлауларыңызды сұраймыз.

**Приозерск гарнизонының  
әскери прокуратурасы**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Қалалық мәслихаттың VIII шақырылған депутаттарының V кезекті сессиясы 2023 жылдың 08 маусымында сағат 16.00-де өтеді.

Сессия күн тәртібінде:

- 2022 жылғы қалалық бюджеттің игерілуі мен орындалуы туралы есебі. қосымша: Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының есебі.
- Приозерск қаласының орталық ауруханасының есебі.
- Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің мәдениет саласы бойынша 2022 жылғы атқарған жұмыстары туралы есебі.
- Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің атқарған жұмыстары туралы есебі.
- Приозерск қаласының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, автомобиль жолдары және жолаушылар көлігі бөлімінің атқарған жұмыстары туралы есебі.
- Әртүрлі мәселелер.

*Қалалық мәслихат төрағасы А.Исатаев*

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Очередная V сессия депутатов городского маслихата VIII созыва состоится 08 июня 2023 года в 16.00 часов.

В повестке дня:

- Отчет об освоении и исполнении городского бюджета за 2022 год. дополнительно: Отчет ревизионной комиссии по Карагандинской области.
- Отчет Центральной больницы города Приозерск.
- Отчет отдела внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск о проделанной работе в сфере культуры за 2022 год.
- Отчет о проделанной работе отдела земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск.
- Отчет о проделанной работе отдела жилищно-коммунального хозяйства, автомобильных дорог и пассажирского транспорта города Приозерск.
- разные *вопросы*.

*Председатель городского маслихата А.Исатаев*

## БАСҚАНЫ КІНӘЛАУ ҮШІН, ӨЗІМІЗ КІНӘСІЗ БОЛАЙЫҚ!..

Қалалық чать мекеніміздегі кемшіліктер мен оғаш әрекеттерді елге көрсетіп, кемшіліктің алдын алу үшін ашылған еді. Солай болып та жатыр. Дегенмен, жеке бас қамын, болмашы нәрселерді жазу, өзара айтысу секілді жағымсыз әрекеттер орын алып жатқанын бүкіл халық көріп отыр. Қала тазалығын жақсарту мәселесі тек қана мекемелердің жұмысы сияқты түсінеді кейбіреулер...

Көшемен жаяу жүргенде байқап жүрміз, балалар түгіл кейбір үлкен адамдар да қазғаздар, темекі тұқылы, сусын құтылары т.б. керексіз заттарын қоқыс жәшігіне тастауды елемей, айналаға лақтырып кете салады екен. Сонымен қатар көше бойындағы халық көп жүретін жерлердің көбісінде қоқыс жәшіктері жоқ немесе өте шағын жәшіктер бар. Олар тез толады да, сыртына шығып, төгіліп, көшеге желмен қайта ұшады. Атап айтқанда мешіт пен №2 мектеп, «Жұлдыз» дүкені, Архив ғимараты, Жихаздар жасайтын шеберхана тұстарында,

Достық көшесі мен Б.Момышұлы қиылысында, Ұлы Отан соғысы ардагерлері монументі маңында қоқыс жәшіктері орнатылмаған, орнатылғандарының сыйымдылығы кішкентай және қоқыстар уақында алынып отырмайты сияқты. Балалар да, тіпті үлкен адамдар да қолындағы қоқыс қалдығын жүрген жеріне лақтыра салуды әдетке айналдырғаны өкінішті...

Сәл нәрсеге бола ренжіп, басқаларға кінә тағып, жұрттың бәрін жаманатты қылып отыратындар осындай пробемаларға неге бас ауырттып, үгіт-насихат жүргізбейді?! Әрбір ата-ана балаларына көшенің, үйлерінің маңынының тазалығына мән беруге тәрбиелеп, күніне жүз... мың рет айтып отырмайды?! Қала өзіміздің ортақ үйіміз ғой, оның тыныштығын, әсемдігін, тазалығын сақтау баршамызға ортақ іс екенін естен шығармайықшы... басқаны кінәлау үшін, өзіміз кінәсіз да, күнәсіз де болайық!..

**Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ**

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»  
Бас редактор: Исатай М.А.  
Техникалық редактор: Исатай М.А.  
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.  
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.  
Тапсырыс №21/47, Таралымы:500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35  
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35  
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru  
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі +7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.